

Алматы облысы Талғар ауданы Талғар қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 20-98 бірлескен шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 161 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 мамырда № 6121-05 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес және Талғар аудандық мәслихатының және Талғар ауданы әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихаты шешімінің және Алматы облысының әкімдігі қаулысының қосымшасына сәйкес Талғар қаласының шекарасы (шегі), оның шегіне жалпы ауданы 853,1245 гектар Кеңдала және Алатау ауылдық округтерінің кейбір жерлерін қоса отырып, жалпы көлемі 3268,7500 гектар шекарасында өзгертілсін.

2. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихаты шешімінің және Алматы облысының әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихатының шешімі және Алматы облысы әкімдігінің қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев

К. Байгоджаев

Алматы облысының әкімдігі 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 161 мен Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 20-98 қаулысына қосымша

Талғар қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Кеңдала және Алатау ауылдық округтерінің жерлері бір бөлігінің экспликациясы

оның ішінде:						
			өнеркәсіп, көлік, байланыс	ерекше		
			, ғарыш	қорғалат		
			қызметі,	ын		
			қорғаныс	табиғи		
			, ұлттық	аумақтар		

№ п/п	Елді мекеннің атауы	Жалпы жер ауданы (гектар)	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер (гектар)	елді мекендер жерлері (гектар)	қауіпсіздік мұқтажына және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер (гектар)	дың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (гектар)	орман қорының жерлері (гектар)	су қорының жерлері (гектар)	босалқы жерлер (гектар)
1	Кеңдала ауылдық округі	325,8908	232,6746	73,1445	19,5885	-	-	-	0,4832
2	Алатау ауылдық округі	527,2337	478,8903	24,3993	0,2874	-	-	1,7624	21,8943
3	Барлығы	853,1245	711,5649	97,5438	19,8759	-	-	1,7624	22,3775

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК